


Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
2007 ж. «08 маусым» Жарғыға
2003 ж. «12 қараша» № 398-1900-А/8
(Куәлік)
енгізілген өзгертулер мен толықтырулар тіркелді

**Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын
реттеу және қадағалау агенттігімен
КЕЛІСІЛДІ**

Төраға (Төрағаның орынбасары)



2007 ж.

**“ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНКІ”
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫНА
ӨЗГЕРІСТЕР мен ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

Акционерлердің жалпы жиналысының
шешімімен бекітілді
(2007 жылғы 23 сәуірдегі № 23 хаттама)

Алматы, 2007 жыл

СМ. НА
ОБОРОТЕ

1. Жарғының 25-бабының 3-тармағы мынадай редакцияда берілсін:

«3. Жыл сайынғы акционерлердің жалпы жиналысында Банктің жылдық қаржылық есептемесі бекітіледі, Банктің өткен қаржылық жылдағы таза табысты бөлу тәртібі және бір қарапайым акцияға есептелген дивиденд мөлшері анықталады, сондай-ақ Банк пен оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне байланысты акционерлердің өтініш-шағымдары туралы мәселе және оның нәтижесі қарастырылады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Заңға және осы Жарғыға сәйкес шешім шығарылуы Акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жатқызылған басқа мәселелерді де қарастыруға құқылы».

2. Жарғының 26-бабының 1-тармағы:

1) мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшасымен толықтырылсын:

«4-1. Банктің бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін анықтау және оларды өзгерту;»;

2) 9) тармақшадағы «жыл қорытындысы бойынша» деген сөздер алынып тасталсын;

3) 13) тармақша «әдістемесін» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ олардың өзгерістері мен толықтыруларын» деген сөздермен толықтырылсын.

3. Жарғының 28-бабында:

1) 1-тармақтағы «тізілімі» және «тізіліміне» деген сөздер тиісінше «тізімі» және «тізіміне» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-тармақтағы «қатысуға» деген сөз «қатысуға және дауыс беруге» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 5-тармақтағы «Банктің лауазымды тұлғаларының» деген сөздер «Банк Басқармасы мүшелерінің» деген сөздермен ауыстырылсын:

4. Жарғының 31-бабының 2-тармағында:

1) 7) тармақша алынып тасталсын;

2) мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшасымен толықтырылсын:

«11-1) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін анықтау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақы мөлшері мен оған сыйақы төлеу талаптарын анықтау;»;

3) 12) тармақша мынадай редакцияда берілсін:

«12) Аудиторлық ұйымның, сондай-ақ бағалаушының ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау қызметіне ақы төлеу мөлшерін анықтау;»;

4) 16) тармақша «Қазақстан Республикасының заңнамасына» деген сөздерден кейін «, оның ішінде Банктің бағалы қағаздары бойынша аукцион өткізу және жазылу жүргізу талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі ережелерге» деген сөздермен толықтырылсын;

5) 18) тармақша мынадай редакцияда берілсін:

«18) Банктің басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан артық пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлесін) сатып алуы, сондай-ақ олардың қызметіне қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдау;»;

6) 19) тармақша мынадай редакцияда берілсін:

«19) Банктің алдыңғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Банк тіркеушісін сайлау;».

5. Жарғының 40-бабындағы 1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: «Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлер құқығына қатысы бар ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында (мерзімдік баспасөз, басылымдарында) міндетті түрде жариялау талап етілмейтін жағдайларда Банк мұндай ақпаратты өз акционерлерінің назарына корпоративтік веб-

саятта орналастыру, сондай-ақ Банк шешіміне сәйкес Банктің бағалы қағаздары айналымға жіберілген кез келген биржаның листингтік талаптарына сай келетін басқа да құралдар арқылы жеткізеді.».


Уәкілетті тұлға



Т. Марьясова

Марьясова Татьяна Григорьевна

Согласованы
с Агентством Республики Казахстан
по регулированию и надзору
финансового рынка и
финансовых организаций.
Председатель (Заместитель Председателя)



ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
В УСТАВ
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«НАРОДНЫЙ СБЕРЕГАТЕЛЬНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА»

Утверждены
решением Общего собрания акционеров
(Протокол № 23 от 23 апреля 2007 г.)

Алматы, 2007

1. Пункт 3 статьи 25 Устава изложить в следующей редакции:

«3. На ежегодном Общем собрании акционеров утверждается годовая финансовая отчетность Банка, определяются порядок распределения чистого дохода Банка за истекший финансовый год и размер дивиденда в расчете на одну простую акцию Банка и рассматривается вопрос об обращениях акционеров на действия Банка и его должностных лиц и итогах их рассмотрения.

Годовое Общее собрание акционеров вправе рассматривать и другие вопросы, принятие решений по которым отнесено к компетенции Общего собрания акционеров в соответствии с Законом и настоящим Уставом.».

2. В пункте 1 статьи 26 Устава:

1) дополнить подпунктом 4-1 следующего содержания:

«4-1) определение условий и порядка конвертирования ценных бумаг Банка, а также их изменение;»;

2) в подпункте 9) исключить слова «по итогам года»;

3) подпункт 13) дополнить словами «, а также изменений и дополнений в нее».

3. В статье 28 Устава:

1) в пункте 1 слова «реестр» и «реестра» заменить словами «список» и «списка» соответственно;

2) в пункте 3 слово «присутствовать» заменить словами «участвовать и голосовать»;

3) в пункте 5 слова «Должностные лица» заменить словами «Члены Правления».

4. В пункте 2 статьи 31 Устава:

1) подпункт 7) исключить;

2) дополнить подпунктом 11-1) следующего содержания:

«11-1) назначение, определение срока полномочий корпоративного секретаря, досрочное прекращение его полномочий, а также определение размера должностного оклада и условий вознаграждения корпоративного секретаря;»;

3) подпункт 12) изложить в следующей редакции:

«12) определение размера оплаты услуг аудиторской организации, а также оценщика по оценке рыночной стоимости имущества, являющегося предметом крупной сделки;»;

4) в подпункте 16) после слов «Республики Казахстан» дополнить словами «, в том числе внутренних правил, устанавливающих условия и порядок проведения аукционов и подписки ценных бумаг Банка»;

5) подпункт 18) изложить в следующей редакции:

«18) принятие решения о приобретении Банком десяти и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) других юридических лиц, а также принятие решений по вопросам их деятельности;»;

6) подпункт 19) дополнить словом «Банка».

5. Часть первую пункта 1 статьи 40 Устава дополнить предложением следующего содержания: «В случаях, когда законодательством Республики Казахстан не требуется обязательной публикации информации, затрагивающей интересы акционеров, в средствах массовой информации (периодические печатные издания), Банк доводит до сведения своих акционеров такую информацию путем её размещения на корпоративном веб-сайте Банка, а также другими способами, соответствующими листинговым требованиям любой биржи, на которой ценные бумаги Банка допущены к обращению в соответствии с решением Банка.».

Уполномоченное лицо



Марьясова Т.Н.

Марьясова Татьяна Николаевна²

Город Алматы, Республика Казахстан.

Двадцать пятое апреля две тысячи седьмого года.

Я, Елшиева Сауле Елбергеновна, нотариус, действующая на основании лицензии № 0001362 от 01.04.2003 года, выданной Министерством юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи Марьясовой Татьяны Николаевны – уполномоченного представителя АО «Народный Сберегательный Банк Казахстана», которая совершена в моем присутствии.

Личность Марьясовой Татьяны Николаевны установлена, ее дееспособность и полномочия, а так же правоспособность АО «Народный Сберегательный Банк Казахстана», проверены.



Регистрировано в реестре за № 2361
оплаченная нотариусу 109 00

[Handwritten signature]

ПРОШНУРОВАНО
ПРОНУМЕРОВАНО
На 5 стр. *[Handwritten signature]*

